- А) **Маңғыттар**
- В) Қыпшақтар
- С) Наймандар
- Д) Керейттер
- Е) Дулаттар

540. Қазақ ханы Жәнібектің тұсында достық қатынаста өмір сүрген ноғайлар мен қазақтарды «екі туысқан Орда» деп атаған ғалым:

- А) **Шоқан Уәлиханов**
- В) Мұхаммед Хайдар Дулати
- С) Жүсіп Баласағұн
- Д) Қадырғали Жалайыр
- Е) Семенов Тянь-Шанский

541. XV ғасырдың ортасында Қазақстанның батысында өмір сүрген мемлекет:

- А) **Ноғай Ордасы**
- В) Әбілқайыр хандығы
- С) Алтын Орда
- Д) Ақ Орда
- Е) Моғолстан

§ 25. Әбілқайыр хандығы

542. 1428 жылы қазақ жеріндегі билікті кім қолға алды?

- А) **Әбілқайыр хан**
- В) Жүніс хан
- С) Есен-бұға хан
- Д) Ибақ хан
- Е) Керей хан

543. Әбілқайыр хандығы қай жылдары өмір сүрді?

- А) **1428-1468 жж.**
- В) 1426-1440 жж.
- С) 1412-1442 жж.
- Д) 1442-1457 жж.
- Е) 1425-1427 жж.

544. XV ғасырда Әбілқайыр хандығы орналасқан аймақ:

- А) Батыс Дешті Қыпшақ
- В) **Шығыс Дешті Қыпшақ**
- С) Шағатай ұлысының жері
- Д) Ноғай Ордасының жері
- Е) Үгедей ұлысының жері

545. 1456-1457 жылдары Әбілқайырдың ойраттардан жеңілген қаласы:

- А) Суяб
- В) Шаш
- С) **Сығанақ**
- Д) Испиджаб

Е) Жент.

546. Әбілқайыр неше жасында хан сайланады?

- А) 20
- В) 17**
- С) 15
- Д) 25
- Е) 30

547. Әбілқайырды қанша ақсүйек-шонжарлар хан сайлайды?

- А) 200-ден астам**
- В) 100-ден астам
- С) 50-ден астам
- Д) 300-ден астам
- Е) 700-ге жуық

548. Әбілқайырды хан сайлағанда қанша тайпаның өкілдері қатысқан?

- А) 20-дан астам**
- В) 10-нан астам
- С) 30-дан астам
- Д) 8-ден астам
- Е) 15-ге жуық

549. Тарихи жазба деректерде «Өзбек ұлысы», «Өзбек хандығы» немесе «Шайбани ұлысы» деп аталатын қай мемлекет?

- А) Ноғай Ордасы
- В) Әбілқайыр хандығы**
- С) Алтын Орда
- Д) Ақ Орда
- Е) Моғолстан

550. Әбілқайыр хандығының территориясы:

- А) Батыста-Жайық
- В) Шығыста-Балқаш
- С) Оңтүстігінде – Арал теңізі мен Сырдарияның төменгі ағысы
- Д) Солтүстігінде – Тобыл және Ертіс өзендерінің орта ағысы
- Е) Барлық жауабы дұрыс**

551. «Бұл хандық негізгі үш халықтан – шайбанилерден, қарақалпақтардан, қазақтардан тұрған. Олардың ішіндегі ең көбі және ержүректері қазақтар еді» деп тарихшы Рузбихан қай хандық жөнінде жазған?

- А) Ноғай Ордасы
- В) Әбілқайыр хандығы**
- С) Алтын Орда
- Д) Қазақ хандығы
- Е) Моғолстан

552. Әбілқайыр хан мен Тоқа-Темір ұрпақтары арасындағы шайқас қай жылы болды?

- А) 1431 ж.**
- В) 1490 ж.
- С) 1391 ж.
- Д) 1385 ж.

Е) 1481 ж.

553. Әбілқайыр хандығының алғашқы астанасы:

- А) Суяб
- В) Шаш
- С) Сығанақ**
- Д) Тура
- Е) Жент

554. Тоқа-Темір ұрпақтарын жеңгеннен кейін Әбілқайыр хан астанасын қай қалаға ауыстырады?

- А) Суябқа
- В) Орда-Базарға**
- С) Сығанаққа
- Д) Испиджабқа
- Е) Жентке

555. Қай жылы Әбілқайыр хан Мұстафа ханды талқандаған?

- А) 1446 ж.**
- В) 1429 ж.
- С) 1453 ж.
- Д) 1435 ж.
- Е) 1472 ж.

556. Әбілқайыр хан мен Мұстафа хан арасындағы шайқас қай жерде өтті?

- А) Суяб маңында
- В) Атбасар маңында**
- С) Сығанақ маңында
- Д) Созақ маңында
- Е) Үзкент маңында

557. 1468 жылы Әбілқайыр хан Жәнібек пен Керей сұлтандарды жазалау үшін қайда жорыққа атанды?

- А) Ноғай Ордасына
- В) Мауараннахрға
- С) Алтын Ордаға
- Д) Қазақ хандығына
- Е) Моғол хандығына**

558. Әбілқайыр хан қай жерде қайтыс болды?

- А) Баласағұнда
- В) Алматы маңындағы Аққыстау деген жерде**
- С) Сығанақта
- Д) Испиджабта
- Е) Исфahanда

559. Әбілқайыр хандығы өмір сүруін тоқтатқан жыл:

- А) 1468 ж.**
- В) 1462 ж.
- С) 1445 ж.
- Д) 1464 ж.
- Е) 1472 ж.

560. Ақ Орда, Моғолстан, Әбілқайыр хандығы сияқты елдерде мемлекет басында кім тұрды?

- A) «Ұлы хан»
- B) «Би»
- C) «Мырза»
- D) «Қаған»
- E) «Ноян»

561. Құрылтай жылына неше рет шақырылған?

- A) Бір рет, жаз айында
- B) Бір рет, көктем айында
- C) Екі рет, күз айында
- D) Бір рет, күз айында
- E) Тек қыс айында

562. Тағар дегеніміз:

- A) Хан баласының тәрбиешісі
- B) Салт-дәстүрді қадағалаушы
- C) Әскерлерді азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін жиналатын салық
- D) Сарай қызметшісі
- E) Хан кеңесшісі

563. Жер көлеміне байланысты жиналатын жер салығы:

- A) Қалан
- B) Құшыр
- C) Инақ
- D) Наиб
- E) Атабек

564. Мал өсірушілерден жиналатын негізгі салық:

- A) Қалан
- B) Құшыр
- C) Инақ
- D) Наиб
- E) Атабек

565. Мұрагердің, яғни хан баласының тәрбиешісі:

- A) Атабек
- B) Құшыр
- C) Қалан
- D) Наиб
- E) Инақ

566. Жиын-той, мерекелерде тәртіп, салт-дәстүрді қадағалап отыратын адамдар:

- A) Жасауылдар
- B) Құшыр
- C) Инақ
- D) Даруғалар
- E) Миршикар

567. Хан кеңесшілері:

- A) **Инақ**
- B) Наиб
- C) Әмір
- D) Құшыр
- E) Қалан

568. Ханның аңшылық ісін басқаратындар:

- A) Жасауылдар
- B) Құшыр
- C) Инақ
- D) Даруғалар
- E) **Миршикар**

569. Алым-салық жинау мен тәртіпті қадағалайтын адамдар:

- A) Жасауылдар
- B) Құшыр
- C) Инақ
- D) **Даруғалар**
- E) Миршикар

570. Жастайынан сайланған хандарға ақыл беретін кеңесші:

- A) Инақ
- B) **Наиб**
- C) Әмір
- D) Құшыр
- E) Қалан

V тарау

ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТІНІҢ ҚҰРЫЛУЫ МЕН ДАМУЫ

§ 26. Қазақ халқының қалыптасуы

571. Қазақ халқының халық болып қалыптасу барысын бұзған қандай оқиға?

- A) **XIII ғасыр басындағы монғол шапқыншылығы**
- B) XVII ғасырдағы жоңғар шапқыншылығы
- C) Орта Азия елдерімен болған қақтығыс
- D) XV ғасырда көрші мемлекеттердің шапқыншылығы.
- E) Қазақстанға көрші елдерден әртүрлі тайпалардың көшіп келуі

572. Қазақ халқының этникалық жағынан қалыптасуында басты рөл қай тайпалар атқарды?

- A) Ноғайлар
- B) **Ақ Орда тайпалары**
- C) Моғолдар
- D) Яғма тайпалары
- E) Оғыздар

573. Жәнібек, Керей хандармен бірігіп көшкен ру-тайпалар алғашқы кезде қалай аталған?

- A) **«Өзбек-қазақтар»**
- B) «Монғол-татарлар»
- C) «Маңғыт-ноғайлар»
- D) «Түркілер»
- E) «Қимақтар»

574. Жәнібек, Керей хандармен бірігіп көшкен ру-тайпаларға біртіндеп қандай атау тұрақтанды?

- A) Өзбек
- B) **Қазақ**
- C) Ноғай
- D) Қимақ
- E) Дулат

575. Шығыс Дешті Қыпшақта «қазақ» атауы әлеуметтік мағынада қолданылған:

- A) **IX-X ғасырда**
- B) VII-VIII ғасырда
- C) VI-VII ғасырда
- D) X-XI- ғасырда
- E) XII-XIV ғасырда

576. IX-X ғасырларда «қазақ» атауы әлеуметтік мағынада қолданылған жер:

- A) Жетісуда
- B) Түркістанда
- C) **Шығыс Дешті Қыпшақта**
- D) Алтын Ордада
- E) Египетте

577. Өзбек ұлысында (XV ғ.) үш халықтың болғандығы, оның ішінде ең көбі, ержүректері «қазақ» екені жайлы хабар айтқан:

- A) В.Рубрук
- B) Ш.Уәлиханов
- C) Б.Е.Көмеков
- Д) Рузбихан**
- E) М.Дулатов

578. «Алаш» сөзі шамамен қай ғасырларда алғаш рет айтылды:

- A) VII-VIII ғғ.
- B) VIII-IX ғғ.
- C) IX-X ғғ.**
- D) X-XI ғғ.
- E) XI-XII ғғ.

579. Қазақ жүздерінің құрылу себебін жазған ғалым:

- A) А. Құнанбаев
- B) Ы. Алтынсарин
- C) Ш. Уәлиханов**
- D) Левшин
- E) С. Торайғыров

580. XIII ғасырға дейін «қазақ» атауының қолданып келген мағынасы:

- A) Еркін адамдар**
- B) Жауынгерлер
- C) Көшпелілер
- D) Екіншілер
- E) Бақташылар

581. Қазақ халқының құрамына енген ру-тайпалар өздерінің ен-таңбаларын салған жартас:

- A) Жетісу
- B) Таңбалы Нұра**
- C) Алтын Орда
- D) Арыстан баб кесенесі
- E) Ноғай ордасы

582. «Алаш» сөзін жиі кездестіретін қазақ халқының аңызы:

- A) «Жошы ханның жортуылы»
- B) «Қорқыт ата»
- C) «Алаша хан»**
- D) «Ақсақ құлан»
- E) «Оғызнама»

583. Қазақ халқының құрылымына байланысты «қазақ» атауы біржола этникалық сипатқа ие болған уақыт:

- A) XIV ғасырдың II жартысында
- B) XIV ғасырда
- C) XV ғасырда
- D) XV ғасырдың II жартысы**
- E) XV ғасырдың I жартысында

584. Ежелгі Сібір тайпалары тілдерінде «қазақ» сөзінің мағынасы:

- A) Зор, күшті, көшпелі
- B) Еркін, азат, алып
- C) Мықты, берік, алып**
- D) Көшпелі, алып, еркін
- E) Күшті, еркін, мықты

585. «Қазақ» сөзі этникалық мағынаға ие бола бастаған ғасыр:

- A) XVII ғасыр
- B) XVI ғасыр
- C) XVIII ғасыр
- D) XIV ғасыр**
- E) XV ғасыр

586. «Қазақ» сөзі көне түрік дәуірінде пайда болып, XIII ғасырға дейін қандай мағынада қолданылып келген:

- A) «Еркін адамдар»**
- B) «Алаш»
- C) «Алып»
- D) «Мықты»
- E) «Берік»

587. «Қазақ жүздерінің құрылу себебі, олар (қазақтар) көшіп-қонып жүрген жерлерінде өз құқықтарын қорғау үшін одақтар құрған. Ол одақ – қазақ жүздері», - деп жазған қазақ ғалымы:

- A) Ш. Уәлиханов**
- B) Ә. Марғұлан
- C) К. Ақышев
- D) Х. Алпысбаев
- E) А. Байтұрсынов

588. Қашан қазақ тілі өзіне тән ерекше белгілері бар, дербес тілге айналды:

- A) XV ғасырда**
- B) XVI ғасырда
- C) XVII ғасырда
- D) XIV ғасырда
- E) XIII ғасырда

§ 27. Қазақ хандығының құрылуы

589. Қазақ хандығының құрылуына қай екі мемлекеттің ішкі-сыртқы жағдайындағы оқиғалар әсер еткен:

- A) Әбілқайыр хандығы мен Моғолстан мемлекеті**
- B) Ноғай Ордасы мен Әбілқайыр хандығы
- C) Моғолстан мен Хиуа хандығы
- D) Алтын Орда мен Әмір Темір мемлекеті
- E) Ноғай Ордасы мен Моғолстан мемлекеті

590. Қазақстанның оңтүстігіндегі, Қаратау баурайындағы, Сырдария бойындағы, Түркістанның солтүстігіндегі тайпалар Керей мен Жәнібек сұлтандардың төңірегіне қай уақытта топтасты:

- A) XV ғ. 40-50 жж.**

- B) XV ғ. 30-40 жж.
- C) XVI ғ. 40-50 жж.
- D) XVI ғ. 20-30 жж.
- E) XIV ғ. 40-50 жж.

591. Қазақ хандығы құрылған уақыт:

- A) 1428-1468 жж.
- B) 1465-1466 жж.**
- C) 1455-1458 жж.
- D) 1445-1456 жж.
- E) 1466-1470 жж.

592. Керей мен Жәнібектің маңына жиналғандар саны:

- A) 100 мың
- B) 200 мың**
- C) 450 мың
- D) 300 мың
- E) 600 мың

593. Қазақ сұлтандарын құшақ жая қарсы алып, жер бөліп берген моғол ханы:

- A) Тоғылық-Темір хан
- B) Есен-бұға хан**
- C) Қызыр-Қожа хан
- D) Жүніс хан
- E) Уәйіс хан хан

594. Қазақ хандығы алғашында Қазақстанның қай аумағында құрылды:

- A) Орталық Қазақстанда
- B) Батыс Жетісуда**
- C) Еділ мен Жайық аралығында
- D) Сырдария мен Әмудария аралығында
- E) Батыс Қазақстанда

595. Қазақ хандығының тағына бірінші отырған:

- A) Барақ хан
- B) Керей хан**
- C) Бұрындық хан
- D) Қасым хан
- E) Хақназар хан

596. XV ғасырдың 70 жылдарында қазақ хандары басып алған аймақ:

- A) Еділ мен Жайық өңірі
- B) Сырдария бойы мен Қаратау өңірі**
- C) Ертіс бойы мен Есіл аралығы
- D) Орталық Қазақстан аймағы
- E) Шығыс Қазақстан аймағы

597. Қасым хан кезіндегі Қазақ хандығының территориясы:

- A) Оңтүстікте Сырдария бойындағы қалалар
- B) Оңтүстік-шығыста Жетісудағы Шу, Талас, Қаратал, Іле өзендері
- C) Солтүстік және солтүстік-шығыста Ұлытау мен Балқаш көліне дейін
- D) Солтүстік-батыста Жайыққа дейінгі жерлер

Е) Барлық жауап дұрыс

598. Қасым хан тұсындағы Қазақ хандығының астанасы:

- A) Отырар
- B) Сығанақ**
- C) Тараз
- D) Сауран
- E) Созақ

599. «Қасым ханның қасқа жолы» неше бөлімнен тұрған:

- A) 2 бөлім
- B) 5 бөлім**
- C) 3 бөлім
- D) 7 бөлім
- E) 12 бөлім

600. Қай ханның тұсында Орыс мемлекетімен алғаш рет байланыс орнатылды:

- A) Хақназар ханның
- B) Қасым ханның**
- C) Тәуке ханның
- D) Жәңгір ханның
- E) Керей ханның

601. Алғашқы қазақ ханы Жәнібек тұсында достық қатынаста өмір сүрген ноғайлар мен қазақтарды «екі туысқан Орда» деп атаған ғалым:

- A) Әбілғазы хан
- B) Шоқан Уәлиханов**
- C) Қадырғали Жалаири
- D) Махмұд Қашқари
- E) Рузбихан Исфохани.

602. XIII-XV ғасырлардан аттары бізге аңыз болып жеткен ауызша поэзия өкілдерінің бірі:

- A) Бұхар жырау
- B) Асан қайғы**
- C) Үмбетей жырау
- D) Доспамбет жырау
- E) Біржан сал

603. Қазақ хандығының құрылуы қарсаңында арғындар мекендеді:

- A) Түркістан мен Қаратау аралығында
- B) Іле, Шу, Талас өзендері бойында
- C) Ұлытаудан Есілге дейін жерлерде
- D) Жетісуда
- E) Ертістен батысқа қарай, Орталық Қазақстанда**

604. XV ғасырда қалыптасқан саяси-тарихи жағдайлар қазақ халқының ... әсер етті:

- A) Ұлттық мемлекет болып құрылуына**
- B) Сыртқы саясатының дамуына
- C) Күшеюіне
- D) Әлсіреуіне
- E) Бірігуінің аяқталуына

605. Алғашқы қазақ хандығы құрылған жер:

- A) Мұғалжар
- B) Орал
- C) Сарыарқа
- D) Жетісу**
- E) Аягөз

606. Қазақ хандығының құрылған уақыты туралы мәлімет беретін тарихи шығарма:

- A) Тарихи-Рашиди**
- B) Оғызнама
- C) Кодекс куманикус
- D) Шежірелер жинағы
- E) Тарих-и-Абулхаир-хани

607. Қазақ хандығы үшін саяси-экономикалық және әскери-стратегиялық жағынан маңызы зор болған қалалар:

- A) Сыр бойындағы**
- B) Жетісу аймағындағы
- C) Шу өзені бойындағы
- D) Іле аймағындағы
- E) Талас өзені бойындағы

608. XV ғасырдың аяғындағы Қазақ хандығының негізгі қарсыласы:

- A) Көшім
- B) Шайбани хан**
- C) Жүніс хан
- D) Әмір Темір
- E) Уайс хан.

609. Қазақ хандығының құрылуы мен нығаюы нәтижесінде қол жеткізілген жағдай:

- A) Хандардың озбырлығына шек қойылды
- B) Ұлы Жібек жолы бойындағы сауда жанданды
- C) Ішкі феодалдық қырқыстар мен талас тартыстар тоқтатылды**
- D) Қазақ хандығы үш жүзге бөлініп, әрқайсысында дербес хандар билік ете бастады
- E) Қазақ халқының ру-тайпаға бөлінуі жойылды

610. Хақназар ханның сыртқы саясаттағы бағытын өзгертуге әсер етті:

- A) Шайбани ұрпақтарының жиі шабуыл жасауы
- B) Сібір ханы мен Моғолстан билеушілерінің шапқыншылық жорықтары**
- C) Бұхар ханының наразылығы
- D) ташкент билеушісі Баба сұлтанның екі жүзді саясаты
- E) Өзбек ханы Абдаллахтың күшеюі

611. Қазақ хандығында 1538-1580 жылдары билік құрған хан:

- A) Қасым хан
- B) Шығай хан
- C) Хақназар хан**
- D) Тәуекел хан
- E) Есім хан

612. Баба сұлтанның астыртын жіберген адамдарды Хақназар ханды өлтірген жыл:

- A) **1580 ж.**
- B) 1579 ж.
- C) 1582 ж.
- D) 1584 ж.
- E) 1587 ж.

613. «Қастаспай дос болып, өзара көмектесу» жөнінде «ант беріскен шарт» жасасқан хандар:

- A) Тәуекел, Баба сұлтан
- B) **Хақназар, II Абдаллах**
- C) Есім, Имамкули
- D) Қасым, Мұхаммед Шайбани
- E) Есім, Абд-ар-Рахим

614. 1583 жылы «Ант беріскен шартты» бұзып, Тәуекел хан Өзбек ханнан қайтарып алған қалалар:

- A) **Сауран, Түркістан, Отырар, Сайрам**
- B) Суяб, Ташкент, Түркістан, Отырар
- C) Қойлық, Үзгент, Сығанақ
- D) Суяб, Сығанақ, Ташкент
- E) Отырар, Сайрам, Сауран

615. Тәуекел хан Мауараннахрға баса көктеп кірген жыл:

- A) 1588 ж.
- B) 1590 ж.
- C) 1596 ж.
- D) **1598 ж.**
- E) 1599 ж.

616. Қазақ хандығы мен Өзбек хандығы арасындағы ұзақ жылдар жүргізілген соғыстың нәтижесі:

- A) Қазақ хандығының жеңілуі
- B) Сыр бойындағы қалалардан айырылуы
- C) **Қазақ хандығының жеңіске жетіп, Ташкентті қосып алуы**
- D) Сауран, Түркістан, Отырар, Сайрам қалаларын қайтарып алуы
- E) Қазақ хандығы экономикалық жағынан әлсіреді

617. Есім ханның билік құрған жылдары:

- A) 1511-1518 жж.
- B) 1523-1532 жж.
- C) 1532-1537 жж.
- D) **1598-1628 жж.**
- E) 1580-1582 жж.

618. XVII ғасырдың басында Қазақ хандығында бір мезгілде билік құрған екі хан:

- A) **Есім, Тұрсын**
- B) Тәуекел, Шығай
- C) Тәуке, Тұрсын
- D) Жәңгір, Тәуке
- E) Хақназар, Тәуекел

619. Қазақ-бұхар соғысында Есім хан қолданған ұтымды соғыс тәсілі:

- A) Шабуыл жасау
- B) Қорғанысты шайқас**
- C) Партизандық әдіс
- D) Барлау әдісі
- E) Окоптық тәсіл

620. XVII ғасырдың II жартысындағы қазақ хандығының астанасы:

- A) Сығанақ
- B) Суяб
- C) Түркістан**
- D) Алмалық
- E) Сауран

621. XVII ғасырда қазақ хандығының ішкі-сыртқы саясаттағы беделінің әлсіреуіне себеп болған:

- A) Ақсүйектердің арасындағы ынтымақ, ауыз бірліктің болмауы
- B) Бай-шонжарлардың арасындағы билік үшін тартыстар
- C) Кіші хандардың дара билікке ұмтылуы**
- D) Ойраттар шабуылының жиілеуі
- E) Руаралық қырқыстар

622. 1628-1652 жылдары хан тағына отырған Есім ханның баласы:

- A) Шығай
- B) Тәуке
- C) Жәңгір**
- D) Тұрсын
- E) Тәуекел

623. Ғажайып ерліктері үшін Жәңгір ханға халықтың берген атауы:

- A) Еңсегей ер Жәңгір
- B) Салқам Жәңгір**
- C) Батыр Жәңгір
- D) Алып Жәңгір
- E) Зор денелі батыр.

624. Жәңгір хан 600 жауынгерімен жоңғардың 50 мың жауынгеріне қарсы тұрған шайқас:

- A) Аңырақай
- B) Аягөз
- C) Орбұлақ**
- D) Қалмақ қырылған
- E) Бұланты.

625. Орбұлақ шайқасы болған жыл:

- A) 1628 ж.
- B) 1642 ж.
- C) 1643 ж.**
- D) 1630 ж.
- E) 1640 ж.

626. XVII ғасырдың 70 жылдары жоңғар әскерлерінің Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанға басып кіріп, қосып алған қалалардың саны:

- A) Тоғыз
- B) Он
- C) Он екі
- D) Он бес
- E) Он төрт.

627. Тәуке ханның билік құрған жылдары:

- A) 1628-1655 жж.
- B) 1628-1652 жж.
- C) **1680-1715 жж.**
- D) 1682-1719 жж.
- E) 1682-1718 жж.

628. Тәуке ханның тұсындағы астана:

- A) Сығанақ
- B) **Түркістан**
- C) Сайрам
- D) Сауран
- E) Суяб

629. Тәуке хан үш жүздің басын қосып құрылтай өткізілген жер:

- A) Қостөбе
- B) **Күлтөбе**
- C) Бестөбе
- D) Жертөбе
- E) Мәртөбе

630. Қазақ хандығында он немесе он бес аймақтан құралған:

- A) Ауыл
- B) **Ру**
- C) Арыс
- D) Жүз
- E) Ұлыс

631. Қазақ хандығындағы ұлыстың билеушісі:

- A) Рубасы
- B) Би
- C) **Сұлтан**
- D) Ақсақал
- E) Ауылбасы

632. Орта жүзге жататын рулар:

- A) Табын, тама, қаракесек, төртқара
- B) Жалайыр, албан, суан, дулат
- C) **Арғын, найман, уақ, керей, қыпшақ**
- D) Жалайыр, шапырашты, қыпшақ
- E) Қоңырат, керей, албан, ысты

633. Хан сайлаудың басты шарты:

- A) Малының көп болуы
- B) Ақсүйек тұқымынан шығуы
- C) Бидің тұқымынан шығуы
- D) Шыңғыстың ұрпағы болуы**
- E) Феодалдар тобынан шығуы

634. Сайланған ханның мал-мүлкін бөліп алу дәстүрі:

- A) «Ханталас»
- B) «Ханталапай»**
- C) «Бөліске салу»
- D) «Ханталау»
- E) «Бөліп алу»

635. Бейбітшілік жағдайда ханның рұқсатынсыз жол берілмейді:

- A) Көшіп-қонуға**
- B) Салықты көбейтуге
- C) Егінді жинауға
- D) Соғысты бастауға
- E) Жайылымды белгілеуге

636. Қазақ хандығының жеті сатыдан тұратын басқару жүйесінің өкілі болып саналмайтын нұсқаны белгілеңіз:

- A) Сұлтан
- B) Ұлы хан
- C) Қожа**
- D) Би
- E) Ауылбасы

637. Қазақ хандығы таптық негізгі екі топ. Олар:

- A) Феодалдар мен қарапайым халық**
- B) Егіншілер мен кедейлер
- C) Шаруалар мен қарапайым адамдар
- D) Кедейлер мен егіншілер
- E) Егіншілер мен шаруалар

638. Қазақ елінде әскердің жоғарғы басқарушысы болған:

- A) Сұлтан
- B) Хан**
- C) Би
- D) Батыр
- E) Рубасы

639. Ауылдастарының шаруашылығын басқару, маусымдық көші-қон уақытын белгілеу, адам мен көлік күшін пайдалану міндеттерін атқарған:

- A) Ауылбасы**
- B) Рубасы
- C) Би
- D) Ақсақал
- E) Сұлтан

640. Көктеу дегеніміз:

- A) Жазғы жайылым
- B) Күздегі жайылым
- C) Көктемдегі жайылым**
- D) Маусымдық жайылым
- E) Қыстағы жайылым

641. Қыста көшіп-қонған қазақ ауылдары үшін ең қауіптісі:

- A) Жұт**
- B) Аштық
- C) Қатты боран
- D) Қатты дауыл
- E) Қатты аяз

642. Таза малмен айналысатын шаруашылық:

- A) Жартылай көшпелі
- B) Отырықшы
- C) Аралас.
- D) Егіншілік
- E) Көшпелі**

643. XVI-XVII ғғ. түйе мен қой-ешкілер үшін қыстық жайылымға таңдалған жер:

- A) Қызылқұм шөлі**
- B) Қаратау жотасы
- C) Сыр бойы
- D) Іле аймағы
- E) Жетісу аймағы

644. Қозы көш дегеніміз:

- A) Жас төлдерді аман сақтау үшін күніне 8-10 шақырым көшіп отыру.**
- B) Көш кезінде қозылардың жүнін қырқу
- C) Малдың жаппай төлденуі
- D) Қозылар үшін күніне 10-20 шақырым көшіп отыру
- E) Тоқтыларды өзеннен өткізу.

645. Қозылардың жүнін қырқатын мезгіл:

- A) «Қозы күзем»**
- B) «Тоқты күзем»
- C) «Тоғыту»
- D) «Қозы көш»
- E) «Қой күзем»

646. Көшпелі қазақтар суық басталысымен көшті:

- A) Таулы аймаққа
- B) Жайлауға
- C) Күздеуге**
- D) Ауылға
- E) Көктеуге

647. Малы жоқ көшіп қонуға көлігі жоқ, егіншілікпен айналысатын кедей:

- A) Жатақ**
- B) Егінші

- С) Малшы
- Д) Жұмысшы
- Е) Қараша

648. Көшпелі халықтың қысы-жазы жейтін, ұзақ сақтауға шыдайтын бағалы тамағы болды:

- А) Бидай
- В) Тары**
- С) Күріш
- Д) Күнжүт
- Е) Мақсары

649. Түйе жүнінің атауы:

- А) Қыл
- В) Түбіт
- С) Шуда**
- Д) Мақта
- Е) Жүн

650. «Тарих -и-Абулхайр хани» еңбегін жазған:

- А) Әбілғазы Баһадүр
- В) Усман Кухистани**
- С) Бабыр
- Д) Әл-Хорезми
- Е) Әл-Жувейни

651. Қазақ тіліндегі тарихи шығармалар жазыла бастады:

- А) VI-VII ғ.ғ.
- В) X-XI ғ.ғ.
- С) XII-XIII ғ.ғ.
- Д) XVI-XVII ғ.ғ.**
- Е) XIV-XV ғ.ғ.

652. Киіз үйдің құрылымында үзік дегеніміз:

- А) Шаңыраққа жабатын киіз
- В) Есікке жабатын киіз
- С) Уықтарды жабатын киіз**
- Д) Керегелерге жабатын киіз
- Е) Жерге төсейтін киіз

653. Тәуекел ханның тұсында берік қамал, ірі сауда орталығына айналған қала:

- А) Тараз
- В) Сайрам
- С) Сауран**
- Д) Сығанақ
- Е) Созақ

654. Кімнің жазбаларында қазақ халқының өмірінде музыканың айрықша орын алатыны айтылады:

- А) Якуб**
- В) Марғасқа
- С) Ақтамберді

- Д) Сыпыра
- Е) Асан қайғы

655. XIII-XV ғасырлардан аттары бізге аңыз болып жеткен авторлары белгілі ауызша поэзияның өкілдері:

- А) Кетбұға, Қотан, Сыпыра жырау**
- В) Хорезми, Кутб, Дурбек
- С) Доспамбет, Ақтамберді жыраулар
- Д) Ахмет Йүгнеки, Ахмет Йасауи, Әли ақын
- Е) Қазтуған, Нысан абыз, Бұхар жырау

656. XIV-XV ғасырлардан әлі күнге дейін тәрбиелік мәні өте зор батырлық өнегелік мазмұндағы ертегілер:

- А) «Құламерген», «Керкұла атты Кендебай»**
- В) «Ер Тарғын», «Ер Қосай»
- С) «Күннің баяны», «Темірқазық пен Жетіқарақшы»
- Д) «Ескендір», «Шора батыр»
- Е) «Сағыныш», «Ақсақ құлан»

657. Қазақтардағы отпен тазарту ырымы:

- А) Жылу
- В) Тасаттық
- С) Аластау**
- Д) Сауын
- Е) Асар

658. Түнде жүріс бағытын бағдарлайтын жұлдыз:

- А) Жетіқарақшы
- В) Сүмбіле
- С) Темірқазық**
- Д) Үркер
- Е) Тараз

659. XIII ғасырда қыпшақтардың сүттен қалай май алатынын, құртты, қымызды қалай жасайтындарын таңдана жазған:

- А) Еуропа саяхатшылары**
- В) Парсы саяхатшылары
- С) Орыс саудагерлері
- Д) Қытай елшілері
- Е) Араб тарихшылары

VI тарау

XVI-XVIII ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ

§ 28. Қазақ-жоңғар соғыстары

660. Жоңғарлардың қалың қолы қазақ жеріне қай жылдары басып кірді:

- A) **1711-1717 жж.**
- B) 1713-1719 жж.
- C) 1680-1748 жж.
- D) 1720-1726 жж.
- E) 1735-1745 жж.

661. Жоңғар әскері Жетісудың бір бөлігін жаулап, Сарысу өзені алқабына дейін қашан жетті:

- A) XVI ғасырдың соңы – XVII ғасырдың басы
- B) **XVII ғасырдың соңы – XVIII ғасырдың басында**
- C) XV ғасырдың соңы – XVI ғасырдың ортасы
- D) XIV ғасырдың басы – XV ғасырдың ортасы
- E) XVI ғасырдың басында

662. Қазақ жүздерінің белгілі өкілдері Қарақұм маңында бас қосып, жоңғарларға соққы берудің мүмкіндіктерін қашан талқылады:

- A) **1710 ж.**
- B) 1711 ж.
- C) 1718 ж.
- D) 1723 ж.
- E) 1730 ж.

663. Жоңғар қонтайшысы Себан-Рабданның қазақ жеріне сәтсіз жорығы:

- A) **1713 ж.**
- B) 1711 ж.
- C) 1718 ж.
- D) 1723 ж.
- E) 1730 ж.

664. Аякөз өзені бойында Қаракерей Қабанбай мен Жауғашар батырлардың басшылығымен жаудың қолын талқандаған жеңісі:

- A) 1710 ж.
- B) 1711 ж.
- C) **1718 ж.**
- D) 1723 ж.
- E) 1730 ж.

665. Жоңғария Қытаймен қарым-қатынасын ретке келтіріп, барлық күшін қазақтарға қай жылы бағыттады:

- A) **1723 ж.**
- B) 1717 ж.
- C) 1718 ж.
- D) 1726 ж.
- E) 1730 ж.

666. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» жылдары қашан басталды:

- A) **1723 ж.**
- B) 1717 ж.
- C) 1718 ж.
- D) 1726 ж.
- E) 1730 ж.

667. Жоңғарлар Түркістан мен Ташкентті қашан басып алды:

- A) **1725 ж.**
- B) 1735 ж.
- C) 1718 ж.
- D) 1727 ж.
- E) 1730 ж.

668. Қазақтың үш жүз жасақтарының басқыншыларға қарсы біріккен қимылдары басталды:

- A) 1723 ж.
- B) 1717 ж.
- C) 1718 ж.
- D) **1726 ж.**
- E) 1730 ж.

669. Торғай даласында Сарысудың орта ағысы алқабында, Бұланты өзенінің жағасында біріккен қазақ жасағы жоңғарларға соққы берді:

- A) 1730 ж.
- B) **1726 ж.**
- C) 1718 ж.
- D) 1723 ж.
- E) 1717 ж.

670. Балқаш көлінің оңтүстігінде, Аңырақай түбінде Әбілқайырдың басшылығымен үш жүздің ортақ әскері қалмақтарға соққы берді:

- A) 1723 жылдың қысында
- B) 1717 жылдың көктемінде
- C) 1718 жылдың жазында
- D) 1726 жылдың күзінде
- E) **1730 жылдың көктемінде**

671. Жоңғарларға қарсы күресте аты шыққан батырлар:

- A) Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Есет.
- B) Саурық, Малайсары, Наурызбай
- C) Баян, Қарасай, Жауғашар
- D) Жәнібек, Райымбек
- E) **Барлық жауап дұрыс**

672. Жоңғарлармен қатар қазақ еліне шабуыл жасады:

- A) Солтүстік-батыстан башқұрттар
- B) Солтүстіктен Сібір казактары
- C) Оңтүстіктен Қоқан
- D) Хиуа мемлекеті
- E) **Барлық жауап дұрыс**

673. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» жылдары ән жазылған:

- A) «Туған жер»
- B) «Елім-ай»**
- C) «Елім менің»
- D) «Туған жерге сағыныш»
- E) «Қайран жер»

674. Жоңғарларға қарсы күресті ұйымдастыру барсында қазақ жасақтары қай жерде жиналды:

- A) Ордабасы тауының етегінде**
- B) Түркістанда
- C) Сайрамда
- D) Алатаудың етегінде
- E) Алакөл маңында

675. 1741 жылы Абылай сұлтан жоңғарларға қарсы қолбасшы кезінде, Жалбы баһадүрдің қолына тұтқынға түсті (ұйықтап жатқан жерінен):

- A) Тарбағатай түбінде
- B) Жетісу аймағында
- C) Ұлытау маңында**
- D) Қаратау баурайында.
- E) Жоңғар қақпасында

676. Ресейдің Шығыспен сауда қатынасын өрістету үшін Қазақстан «Кілт және қақпа» болады деп көрсеткен орыс патшасы:

- A) IV Иван
- B) Федор
- C) I Петр**
- D) Анна Иоанновна
- E) Елизавета Петровна

677. 1715 жылдың күзінде Тәуке өлгеннен кейін билікке келген оның мирасқоры:

- A) Қайып**
- B) Әбілқайыр
- C) Хақназар
- D) Абылай
- E) Сәмеке

678. Қытайлармен шайқаста жеңіліс тауып, Абылайдан көмек сұраған, Жоңғар тағына таласушылардың бірі:

- A) Қалдан-Серен
- B) Әмірсана**
- C) Әбілқайыр
- D) Сыбан-Рабдан
- E) Давашы

679. 1757 жылы маусым айында қытайлар қазақ шекарасына қай ханның тұсында басып кірді:

- A) Тәуке ханның
- B) Уәли ханның
- C) Әбілқайыр ханның
- D) Әбілмәмбет ханның

Е) Абылай ханның

680. Абылай ханның өмір сүрген жылдары:

- А) 1711-1771 жж.
- В) 1691-1771 жж.
- С) 1680-1775 жж.
- Д) 1711-1781 жж.**
- Е) 1681-1761 жж.

681. Жоңғарларға қарсы күресте қол бастап, ерекше көзге түскен қазақ батыры:

- А) Жоламан
- В) Бөгенбай**
- С) Исатай
- Д) Амангелді
- Е) Сырым.

682. Әз Тәуке хан құрған «Билер кеңесінің мүшесі», «Жеті Жарғы» заңдар кодексінің шығарушылардың бірі, «қарлығаш әулие», «қарлығаш би» атанған:

- А) Жәнібек би
- В) Төле би**
- С) Әйтеке би
- Д) Қазыбек би
- Е) Сасық би.

683. Жоңғарлардың Ташкент пен Түркістан қалаларын басып алуы:

- А) 1711-1712 жж.
- В) 1714-1715 жж.
- С) 1720-1721 жж.
- Д) 1724-1725 жж.**
- Е) 1718-1719 жж.

684. Қазақстанның оңтүстігіндегі Ордабасы тауының маңына қазақ жасақтарының жиналуының себебі:

- А) Ресей көмегін алу қолайлы болды
- В) Жоңғарларды жақтатуға қолайлы болды
- С) Бұл жер Жетісуды азат ету үшін жақын болды**
- Д) Азық-түлік алуға қолайлы болды
- Е) Әлсіреген жағдайда шегінуге ыңғайлы болды

VII тарау

ҚАЗАҚСТАН РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫ ҚҰРАМЫНДА

§ 29. Қазақстанның Ресейге қосылуы

685. Әбілқайыр хан Ресейге алғаш рет елші жіберіп, оның қол астына өту туралы өтініш қашан жасады:

- A) 1718 ж.
- B) 1724 ж.
- C) 1726 ж.**
- D) 1730 ж.
- E) 1741 ж.

686. Кіші жүздің билері Әбілқайыр ханға Ресеймен одақ жасауды қашан ұсынды:

- A) 1721 ж.
- B) 1725 ж.
- C) 1726 ж.
- D) 1730 ж.**
- E) 1736 ж.

687. Сейіткүл Қойдағұлұлы мен Құтлымбет Қоштайұлы бастаған елшілік Кіші жүзді Ресейдің қарамағына алу туралы императрица Анна Иоанновнаның атына жазылған өтінішті табыс ету үшін Петербургке қашан келді:

- A) 1730 жылы наурызда
- B) 1724 жылы мамырда
- C) 1726 жылы тамызда
- D) 1730 жылы қыркүйекте**
- E) 1741 жылы шілдеде

688. Императрица Анна Иоанновна Кіші жүздің қазақтарын Ресейдің қол астына алу туралы грамотаға қашан қол қойды:

- A) 1731 ж.**
- B) 1735 ж.
- C) 1726 ж.
- D) 1730 ж.
- E) 1736 ж.

689. Қазақтардан ант алу үшін патша үкіметі Әбілқайырға Петербургтен А.И.Тевкелев бастаған елшілікті қашан жіберді:

- A) 1730 жылы 25 наурызда
- B) 1724 жылы 20 мамырда
- C) 1726 жылы 11 тамызда
- D) 1731 жылы 30 сәуірде**
- E) 1741 жылы 21 шілдеде

690. Әбілқайыр хан, сұлтандар және 13 рудан тұратын ірі билер мен батырлардың шағын тобы Ресей империясының қол астына өту туралы антты қай жылы қабылдады:

- A) 1730 жылы 27 қазанда
- B) 1724 жылы 24 мамырда
- C) 1726 жылы 15 тамызда

Д) 1731 жылы 10 қазанда

Е) 1741 жылы 17 шілдеде

691. Әбілқайыр хан қай жылы өзінің саяси қарсыластарының қолынан қаза тапты:

А) 1748 ж.

В) 1745 ж.

С) 1740 ж.

Д) 1743 ж.

Е) 1742 ж.

692. Ұлы жүз тарапына Ресейдің құрамына кіруді сұраған алғашқы әрекеті қашан жасалды:

А) 1733 ж.

В) 1735 ж.

С) 1726 ж.

Д) 1738 ж.

Е) 1742 ж.

693. Орынборда Орта жүздің ханы Әбілмәмбет пен сұлтан Абылай Ресейдің қол астына қашан өтті:

А) 1740 ж.

В) 1765 ж.

С) 1755 ж.

Д) 1760 ж.

Е) 1745 ж.

694. Патша үкіметі Әбілқайырдың көмегімен Хиуа хандығын Ресейдің қол астына өткізуге қай жылы әрекет жасады:

А) 1731 ж.

В) 1735 ж.

С) 1726 ж.

Д) 1730 ж.

Е) 1736 ж.

695. Әбілқайырдың белсенді ара ағайындық көмегімен Орынбор қаласында Ресейдің қол астына 30 мың қарақалпақтар қашан өтті:

А) 1742 ж.

В) 1735 ж.

С) 1751 ж.

Д) 1747 ж.

Е) 1738 ж.

696. Қырғыз-қайсақ экспедициясы қашан құрылды:

А) 1734 ж.

В) 1735 ж.

С) 1726 ж.

Д) 1730 ж.

Е) 1736 ж.

697. Патша үкіметі қазақтардың Жайық өзеніне, Жайық қалашығына, салынып жатқан бекіністерге жақын келуіне қашан тыйым салды:

А) 1742 ж.

- В) 1755 ж.
- С) 1746 ж.
- Д) 1740 ж.
- Е) 1738 ж.

698. Патша үкіметі қазақтардың Жайық өзенінің оң жақ өңірінде көшіп қонып жүруіне қашан қатаң тыйым салды:

- А) 1734 ж.**
- В) 1735 ж.
- С) 1737 ж.
- Д) 1738 ж.
- Е) 1736 ж.

699. Әбілқайыр ханның өтініші бойынша Орынбор қаласының негізі қашан қаланды:

- А) 1734 ж.
- В) 1735 ж.**
- С) 1737 ж.
- Д) 1738 ж.
- Е) 1736 ж.

700. Әбілқайыр ханның Ресейге жіберген алғашқы елшісі:

- А) Қойбағар**
- В) Нұралы
- С) Ералы
- Д) Әбілмансұр
- Е) Тәуекел

701. Қырғыз-қайсақ экспедициясын басқарды:

- А) В. Татищев
- В) В. Степанов
- С) И.К. Кириллов**
- Д) А.Тевкелев
- Е) М. Гагарин.

702. И.К. Кирилловтың көмекшісі қазақтардың дәстүрлі әдет-ғұрыптары мен заңдарын жақсы білетін тілмаш:

- А) В. Татищев
- В) В. Степанов
- С) Т. Чебуков
- Д) А. Тевкелев**
- Е) М. Гагарин.

703. И.К. Кириллов қайтыс болғаннан кейін Орынбор экспедициясының басшысы:

- А) В. Татищев**
- В) В. Степанов
- С) Т. Чебуков
- Д) А. Тевкелев
- Е) М. Гагарин

704. Әбілқайырға императрица Анна Иоанновнаның атына беруге көзделген бағалы сыйлықтар:

- A) Болат қылыш
- B) Бұлғын ішік
- C) Екі түлкі тұмақ
- D) Шұға маталар
- E) **Барлық жауап дұрыс**

705. Кіші жүздің Ресей құрамына кіруі туралы антты қабылдаған казак старшындарының саны:

- A) 15
- B) 23
- C) **29**
- D) 8
- E) 32

706. 1745-1759 жылдары казак даласы арқылы Орынборға жеткізілген мал саны:

- A) **1 млн сомға бағаланды**
- B) 20 млн сомға бағаланды
- C) 17 млн сомға бағаланды
- D) 5 млн сомға бағаланды
- E) 9 млн сомға бағаланды

707. Қазақтардан ант алуға Ресейдің орыс елшілігінен басқарып келген:

- A) В. Татищев
- B) В. Степанов
- C) Т. Чебуков
- D) **А. Тевкелев**
- E) М. Гагарин.

708. 1735 жылы Қазақстанның солтүстігінде өзен бойында салынған бекініс:

- A) Жәміш
- B) **Ор**
- C) Өскемен
- D) Железинск
- E) Коряков

709. Әбілқайырдың Ресей құрамына кірудегі ең басты мақсаты:

- A) Қарсыластарының сағын сындыру
- B) Мал шаруашылығын дамыту
- C) **Ресеймен сенімді байланыс орнатып, бар күшті қалмақтарға жұмылдыру**
- D) Сауда жолдарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету
- E) Отырықшылықты дамыту

710. 1738 жылы Орынборда казак сұлтандарының съезін шақырған Орынбор комиссиясының басшысы:

- A) И. Кириллов
- B) **В. Татищев**
- C) А. Тевкелев
- D) В. Степанов
- E) Зернов

711. Әбілқайырды 1748 жылы өлтірген:

- A) Әбілпайыз
- B) Қайып
- C) Әбілмәмбет
- D) **Барак сұлтан**
- E) Нәдір шах

712. Башқұрттардың көтерілісін басуға патша үкіметі кіші жүз жасақтарын пайдаланды:

- A) 1731-1734 жж.
- B) **1735-1737 жж.**
- C) 1737-1738 жж.
- D) 1739-1740 жж.
- E) 1738-1739 жж.

713. 1740 жылы Кіші жүздің шекарасына қауіп төндірген мемлекет:

- A) Хиуа хандығы
- B) Ресей
- C) **Иран**
- D) Жоңғария
- E) Қытай

714. XVIII ғасырдың 50 жылдары Солтүстік-Шығыс Қазақстандағы ұзындығы 723 верст болатын шеп:

- A) Горькая шебі
- B) Ертiс шебі
- C) **Колыван шебі**
- D) Орынбор шебі
- E) Омбы шебі

715. 1799 жылы қарашада Орта жүз қазақтарын Ертістің оң жағасына қайта қоныс аударуға рұқсат еткен император:

- A) **I Павел**
- B) II Петр
- C) I Александр
- D) II Екатерина
- E) I Николай

716. Орта жүз қазақтарының Пугачев көтерілісі кезінде 1773 жылы қазан айында шабуыл жасау үшін жиналған бекінісі:

- A) Троицк
- B) **Пресногорьковск**
- C) Звериноголовск
- D) Верхнеозерный
- E) Гагарьевск

717. Павлодар облысының Баянауыл ауданында дүниеге келген, оны халық «Көмекей әулие» деп атап кеткен жырау:

- A) Үмбетей жырау
- B) **Бұқар жырау**
- C) Ақтамберді жырау
- D) Тәттіқара ақын
- E) Жанак ақын

718. Абылайдың керемет қасиеттерін жырлап, Орта жүздегі оқиғаларға белсене қатысқан, шығармаларына батырлар ерлігін арқау еткен XVIII ғасырдың II жартысындағы танымал ақын:

- A) Жанак
- B) Үмбетей
- C) Тәттіқара**
- D) Бұқар
- E) Ақтамберді

719. XVIII ғасырдағы қазақ әдебиетінің өкілі, ұлы тұлғалардың бірі, Абылайдың кеңесшісі болған жырау:

- A) Бұқар**
- B) Доспамбет
- C) Үмбетей
- D) Жанак
- E) Тәттіқара

720. «Қозы Көрпеш-Баян Сұлу» поэмасының ерекше бір нұсқасының авторы, XVIII ғасырдың суырып салма ақындардың бірі:

- A) Жанак**
- B) Ақтамберді
- C) Бұқар
- D) Тәттіқара
- E) Үмбетей

721. «Орынбор тарихы» атты зерттеу еңбегінде қазақ тарихының даму кезеңдерін көрсеткен орыс ғалымы:

- A) В. Веселовский
- B) И. Муравин
- C) П. Рычков**
- D) Я. Гуляев
- E) Д. Глалдышев.

722. Үмбетей жыраудың туған жері:

- A) Алматы облысы, Жамбыл ауданы.**
- B) Ақмола облысы, Ерейментау ауданы.
- C) Бөкей Ордасы.
- D) Көкшетау облысы.
- E) Оңтүстік Қазақстан облысы, Қаратау өңірі.

723. 1768-1774 жылдары Қазақстанда экспедиция жасады:

- A) И. Муравин
- B) П. Рычков
- C) П.С. Паллас**
- D) В. Веселовский
- E) Д. Глалдышев

724. Орынбор өлкесінің Колумбы деген атпен даңқы шыққан:

- A) И. Муравин
- B) П. Рычков**
- C) П.С. Паллас
- D) В. Веселовский

Е) Д. Глалдышев

725. Қазақ тарихын, тұрмыс тіршілігін және мәдениетін зерттеген:

А) И. Муравин

В) В.Н. Татищев

С) П.С. Паллас

Д) В. Веселовский

Е) П. Рычков

726. XIX ғасырдың I жартысында Қазақ тарихы туралы көлемді еңбек жазған орыс тарихшысы:

А) И. Муравин

В) А. Левшин

С) П.С. Паллас

Д) В.Веселовский

Е) В.Н.Татищев.

727. Е. Пугачев бастаған шаруалар соғысын ашық қолдаған қазақ сұлтаны:

А) Барақ

В) Бөкей

С) Досалы

Д) Жантөре

Е) Жәңгір

728. 1774-1775 жылдары Сібір шебінде орналасқан тұрақты әскердің саны:

А) 5000 адам

В) 4700 адам

С) 3500 адам

Д) 2500 адам

Е) 3000 адам

729. 1812 жылы Отан соғысында ерлігімен «Георгий» орденінің кавалері аталған қазақ:

А) Майлыбайұлы

В) Е. Азаматұлы

С) Н. Жанжігітұлы

Д) Ы. Әубәкірұлы

Е) Б. Шуашбайұлы.

§ 30. Сырым Датұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс

730. Сырым Датұлы бастаған көтеріліс қай жылдары болды:

А) 1783-1797 жж.

В) 1790-1791 жж.

С) 1802-1803 жж.

Д) 1790-1794 жж.

Е) 1785-1786 жж.

731. Шекара шебінің ішкі жағында казактар қазақтардың 4 мыңнан астам жылқысын күшпен қай жылдары тартып алды:

А) 1783-1784 жж.

В) 1790-1791 жж.

- С) 1802-1803 жж.
- Д) 1782-1783 жж.**
- Е) 1785-1786 жж.

732. Қазақтар Орал шекара шебіне қашан шабуыл жасай бастады:

- А) 1783 жылдың көктемінде**
- В) 1782 жылдың жазында
- С) 1786 жылдың қысында
- Д) 1784 жылдың көктемінде
- Е) 1785 жылдың күзінде

733. Қазақтардың әскери бекіністер мен сауда керуендеріне шабуылы қашан жиілей түсті:

- А) 1783 жылдың жазында**
- В) 1782 жылдың жазында
- С) 1786 жылдың қысында
- Д) 1784 жылдың көктемінде
- Е) 1785 жылдың күзінде

734. Қай жылы қазақ жасақтары Төменгі Орал шекара шебінің аймағында патша үкіметінің әскерлерімен кескілескен шайқасқа түсті:

- А) 1783 ж.
- В) 1782 ж.
- С) 1786 ж.
- Д) 1784 ж.
- Е) 1785 ж.**

735. Нұралы хан кіші жүзден қашан біржола қуылды:

- А) 1783 ж.
- В) 1782 ж.
- С) 1786 ж.**
- Д) 1784 ж.
- Е) 1785 ж.

736. Кіші жүзде старшындардың съезі қашан өтті:

- А) 1783 ж.
- В) 1782 ж.
- С) 1786 ж.**
- Д) 1784 ж.
- Е) 1785 ж.

737. Қазақтардың Еділ мен Жайық аралығына жаппай көшуі қашан басталды:

- А) 1796-1797 жж.
- В) 1790-1791 жж.
- С) 1802-1803 жж.
- Д) 1790-1794 жж.
- Е) 1786-1787 жж.**

738. 1784 жылы Орынбор губерниясының бастығы болып сайланды:

- А) О. Игельстром**
- В) Гасфорд Густав
- С) генерал Киндерман

- Д) П. Рычков
- Е) И. Кириллов

739. О. Игельстром кіші жүзде хан билігін реформалаудың жобасын қашан ұсынды:

- А) 1783 ж.
- В) 1782 ж.
- С) 1786 ж.**
- Д) 1784 ж.
- Е) 1785 ж.

740. О. Игельстром Кіші жүз қазақтарын басқарудың жаңа жобасын қашан ұсынды:

- А) 1783 ж.
- В) 1782 ж.
- С) 1789 ж.**
- Д) 1784 ж.
- Е) 1785 ж.

741. Сырым Датұлы құрамында 1000 сарбазымен Елек қорғанысына қашан шабуыл жасады:

- А) 1793 ж.
- В) 1792 ж.**
- С) 1797 ж.
- Д) 1794 ж.
- Е) 1795 ж.

742. Сырым Датұлының жасақтары хан ордасына шабуыл жасап, Есім ханды қашан өлтіреді:

- А) 1793 ж.
- В) 1792 ж.
- С) 1797 ж.**
- Д) 1794 ж.
- Е) 1795 ж.

743. Сырым Датұлы өзінің саяси қарсыластарының қолынан қашан қаза тапты:

- А) 1803 ж.
- В) 1802 ж.**
- С) 1810 ж.
- Д) 1813 ж.
- Е) 1823 ж.

744. Асқан ақылдығы мен тапқырлығы үшін Сырым Датұлы бала кезінде қалай аталды:

- А) «Бала би»**
- В) «Нағыз төре»
- С) «Батыр бала»
- Д) «Ерке бала»
- Е) «Ақылгөй»

745. Сырым Датұлы көтерілісіне қатысқандар:

- А) Шаруалар
- В) Старшындар
- С) Билер
- Д) Батырлар

Е) Барлық жауап дұрыс

746. Сырым Датұлы бастаған көтеріліс қай аймақта болды:

- А) Қазақстанның оңтүстік аймағында
- В) Кіші жүзде**
- С) Қазақстанның солтүстік аймағында
- Д) Ұлы жүзде
- Е) Орта жүзде

747. Ауыз әдебиетінің деректеріне қарағанда Сырым Датұлының асына қанша мал сойылған:

- А) 1000 жылқы, 1500 қой
- В) 1300 жылқы, 1200 қой
- С) 2000 жылқы, 2500 қой**
- Д) 1800 жылқы, 2000 қой
- Е) 3000 жылқы, 2000 қой

748. Сырым Датұлының Орал казак әскерлерімен ашық арпалыс жолына түсуі басталды:

- А) 1778 ж.
- В) 1783 ж.**
- С) 1785 ж.
- Д) 1797 ж.
- Е) 1786 ж.

749. Ералыны 1791 жылы кіші жүздің ханы етіп сайлады. Қай маңайда сайлады:

- А) Орынбор маңында
- В) Тобыл маңында
- С) Орск маңында**
- Д) Орал маңында
- Е) Жаскүс маңында.

750. Сырым Датұлы бастаған көтеріліс кезінде өлтірілген Кіші жүз ханы:

- А) Нұралы
- В) Ералы
- С) Есім**
- Д) Айшуақ
- Е) Әбілқайыр.

751. Сырым Датұлы бастаған көтеріліс кезінде халықтың жағдайын нашарлатқан жұт болды:

- А) 1783-1784 жж.
- В) 1790-1791 жж.
- С) 1802-1803 жж.
- Д) 1796-1797 жж.**
- Е) 1785-1786 жж.

752. 1785 жылы жазда кіші жүз старшындарының съезінде қабылданған шешім:

- А) Нұралыны тақтан тайдыру туралы.**
- В) Салықты көбейту.
- С) Көтерілісті қолдау туралы.
- Д) Хандық кеңесті күшейту.
- Е) Қазақтарға қарсы күшті топтастыру.

**§ 31. Исатай Тайманұлы және Махамбет Өтемісұлы
бастаған халық-азаттық көтеріліс**

753. Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы бастаған көтеріліс:

- A) **1836-1838 жж.**
- B) 1791-1838 жж.
- C) 1802-1847 жж.
- D) 1896-1897 жж.
- E) 1885-1886 жж.

754. Ішкі Ордада көтеріліс қашан басталды:

- A) 1825 ж.
- B) **1836 ж.**
- C) 1847 ж.
- D) 1897 ж.
- E) 1886 ж.

755. Исатай Тайманұлы қай жылы дүниеге келді:

- A) 1778 ж.
- B) **1791 ж.**
- C) 1785 ж.
- D) 1793 ж.
- E) 1788 ж.

756. Көтерілісшілер қашан ашықтан-ашық Жәңгір ханға қарсы шабуылға шықты:

- A) 1825 ж.
- B) **1836 ж.**
- C) 1847 ж.
- D) 1897 ж.
- E) 1886 ж.

757. Исатай Тайманұлы Жәңгір ханға шағым мен петиция қашан жолдады:

- A) **1836-1837 жж.**
- B) 1891-1892 жж.
- C) 1802-1808 жж.
- D) 1896-1897 жж.
- E) 1833-1835 жж.

758. Қашан Исатай Тайманұлы әр түрлі рулардың ауылдарын аралап жүріп, Жайық казак әскерлерінің иемденіп отырған жерлерін өз беттерінше тартып алуға шақырды:

- A) 1835 жылы жазда
- B) **1836 жылы күзде**
- C) 1840 жылы көктемде
- D) 1838 жылы күзде
- E) 1834 жылы қыста

759. Исатай Тайманұлы өзінің қасына ерген жасағымен бірге Үлкен Борсықты құмындағы Шекті руына қашан қосылды:

- A) 1835 жылы басында
- B) 1836 жылы басында
- C) 1840 жылы басында
- D) **1838 жылы басында**
- E) 1834 жылы басында

760. Ішкі Ордада жер тапшылығынан зардап шеккен отбасы саны қанша болды:

- A) 10-ға жуық
- B) 20-ға жуық**
- C) 30-ға жуық
- D) 40-ға жуық
- E) 100-ге жуық

761. Исатай Тайманұлының басына тігілген ақша мөлшері:

- A) 1000 сом
- B) 1500 сом
- C) 500 сом**
- D) 700 сом
- E) 200 сом

762. Исатай Тайманұлы бастаған көтеріліске белсене қатысушылар қайда жер аударылды:

- A) Алтайға
- B) Шығыс Сібірге**
- C) Шығыс Қазақстанға
- D) Оңтүстік Қазақстанға
- E) Шетелге

763. Исатай көтерілісін тездетіп басуға әсер еткен жағдай:

- A) Кенесары қозғалысының Кіші жүзді шарпуы**
- B) Көтерілісшілер санының көбеюі
- C) Жазалаушы отрядтардың бірігуі
- D) Патшаның көтеріліске қарсы шаралары
- E) Тастөбе түбіндегі көтерілісшілердің жеңілісі

764. Ішкі Орданы құру туралы жарлыққа қол қойған орыс патшасы:

- A) I Александр
- B) II Екатерина
- C) II Александр
- D) I Павел**
- E) I Николай.

765. 1837 жылы хан сарайын қоршауға алғандағы көтерілісшілердің саны:

- A) 10 мың
- B) 5 мың
- C) 2 мың**
- D) 7 мың
- E) 3 мың

766. 1843 жылы маусымда I Николай көтерілісті басу үшін кімдерді жіберуге келісім берді:

- A) генерал Обручевтің отрядын.
- B) Сотниковтың отряды.
- C) Старшина Лебедевтің**
- D) Жантөре сұлтанның отряды
- E) Полковник Бизановтың қарулы тобы.

767. Патша қолдаушылардың ұйымдастыруымен Н. Өтемісұлы өлтірілді:

- A) 1838 ж.
- B) 1846 ж.**
- C) 1848 ж.
- D) 1849 ж.
- E) 1842 ж.

768. Шаруалар толқуына қатысқаны үшін Махамбет қамауда отырған жыл:

- A) 1824 ж.
- B) 1829 ж.**
- C) 1831 ж.
- D) 1833 ж.
- E) 1827 ж.

769. 1824-1829 жылдары М.Өтемісұлы тұрған қала:

- A) Орынбор**
- B) Орал
- C) Семей
- D) Омбы
- E) Ақмола

770. XIX ғасырдың I жартысында шығармашылығында суырып салма өнерді одан әрі дамытқан ақын:

- A) Махамбет
- B) Шернияз**
- C) Сүйінбай
- D) Шөже
- E) Мұрат

771. Махамбет Өтемісұлы өмір сүрген жылдар:

- A) 1822-1895 жж.
- B) 1825-1898 жж.
- C) 1804-1846 жж.**
- D) 1809-1849 жж.
- E) 1806-1848 жж.

§ 32. Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс

772. Отаршыл өкімет билігі мен қазақ халқының арасындағы қарым-қатынас елеулі түрде қашан шиеленісе түсті:

- A) XIX ғасырдың 20-30 жылдарында**
- B) XVI ғасырдың 30-40 жылдарында
- C) XVII ғасырдың 20-30 жылдарында
- D) XVIII ғасырдың 40-50 жылдарында
- E) XIX ғасырдың 40-50 жылдарында

773. Кенесары Қасымұлы бастаған көтеріліс қашан басталды:

- A) 1835 ж.
- B) 1837 ж.**
- C) 1831 ж.
- D) 1833 ж.
- E) 1847 ж.

774. Сұлтан Кенесары қай жылы дүниеге келді:

- A) 1793 ж.
- B) 1802 ж.**
- C) 1811 ж.
- D) 1743 ж.
- E) 1815 ж.

775. Кенесары хорунжий Рытовтың отрядын қашан жеңді:

- A) 1835 ж.
- B) 1837 ж.**
- C) 1831 ж.
- D) 1833 ж.
- E) 1847 ж.

776. Кенесары өзінің адамдарын Батыс Сібір генерал-губернаторына жіберіп, оған арнайы хат қашан жолдады:

- A) 1830 ж.
- B) 1838 ж.**
- C) 1839 ж.
- D) 1843 ж.
- E) 1847 ж.

777. Кенесары Қасымұлы Ақмола бекінісін қашан өртеді:

- A) 1835 жылы мамырда
- B) 1836 жылы сәуірде
- C) 1840 жылы маусымда
- D) 1838 жылы тамызда**
- E) 1834 жылы қарашада

778. Кенесары Қасымұлы қашан хан сайланды:

- A) 1835 жылы мамырда
- B) 1836 жылы сәуірде
- C) 1840 жылы желтоқсанда
- D) 1841 жылы қыркүйекте**
- E) 1834 жылы шілдеде

779. Ресей императоры қазақ ханына қарсы жорық ұйымдастыру жөнінде жарлық қашан шығарды:

- A) 1843 ж.**
- B) 1846 ж.
- C) 1839 ж.
- D) 1845 ж.
- E) 1847 ж.

780. Қашан Кенесары хан Тобыл өзенінің жоғары ағысында Жантөре сұлтанның әскеріне күйрете соққы берді:

- A) 1835 жылы 13-15 мамырда
- B) 1836 жылы 5-10 сәуірде
- C) 1840 жылы 25-30 желтоқсанда
- D) 1844 жылы 10-15 қыркүйекте
- E) 1844 жылы 20-21 шілдеде**

781. Кенесарының жасағы Екатерина станциясына қашан шабуыл жасады:

- A) 1835 жылы желтоқсанда
- B) 1836 жылы қыркүйекте
- C) 1840 жылы мамырда
- D) 1844 жылы сәуірде
- E) **1844 жылы тамызда**

782. Орынбор басшылығы Кенесары ханға Долгов пен Герн бастаған елшілікті қашан жіберді:

- A) **1845 жылы ақпанда**
- B) 1836 жылы сәуірде
- C) 1840 жылы желтоқсанда
- D) 1845 жылы қыркүйекте
- E) 1844 жылы маусымда

783. Кенесары хан Қоқан хандығының Жаңақорған, Жүлек және Созақ бекіністерін қашан тартып алды:

- A) **1845 ж.**
- B) 1846 ж.
- C) 1839 ж.
- D) 1844 ж.
- E) 1847 ж.

784. Кенесары Қоқан хандығының мықты бекінісі Меркіні қашан қолына алды:

- A) 1849 ж.
- B) **1846 ж.**
- C) 1855 ж.
- D) 1845 ж.
- E) 1857 ж.

785. Кенесары он мыңдай қолымен Қырғызстанның жеріне қашан басып кірді:

- A) 1845 жылы ақпанда
- B) **1847 жылы сәуірде**
- C) 1842 жылы желтоқсанда
- D) 1853 жылы қыркүйекте
- E) 1844 жылы маусымда

786. Қазақ хандығының соңғы ханы:

- A) **Кенесары**
- B) Әбілқайыр
- C) Абылай
- D) Тәуке
- E) Есім

787. Кенесары Қасымұлы бастаған көтерілістің себептері:

- A) Кіші жүз бен Орта жүздегі хан билігінің жойылуы сұлтандардың, билердің және батырлардың наразылығын тудыруы;
- B) Патша үкіметі қазақ халқының ежелден келе жатқан дәстүрлі жерлерін әскери бекіністер салу үшін жаппай тартып алынуы;
- C) Бұрын Ресейге ешқандай салық төлеп көрмеген қазақтарға ендігі жерде жасақ, түтін салығы, жол салығы сияқты салық түрлерінің көбеюі;

Д) Патша үкіметінің әскери отрядтары қазақ ауылдарына шабуыл жасап, күн көрсетпеуі;

Е) Барлық жауап дұрыс

788. Кенесары Қасымұлы бастаған көтерілістің қозғаушы күштері:

А) Шаруалар

В) Старшындар мен билер

С) Сұлтандар

Д) Батырлар

Е) Барлық жауап дұрыс

789. Жетісу қазақтарының Ресейден көмек сұрауға мәжбүр еткен оқиға:

А) Қоқандықтардың қазақтарды жерінен қууы

В) Қытайдың қысым көрсетуі

С) Кенесарының соңынан ермеген ауылдарды ойрандауы.

Д) Қазақ феодалдарының озбырлығы

Е) Малдың қырылып, жұт болуы

790. Кенесарының соңғы шайқасы өткен жер:

А) 1837 жылы Тастөбеде

В) 1847 жылы Майтөбеде

С) 1838 жылы Ақбұлақта

Д) 1857 жылы Арықбалықта

Е) 1869 жылы Жамансайда

791. 1856-1857 жылдары Нұрмұхамедұлы басқарған көтерілістің тірегі болған қала:

